



publisher.agency

CERTIFICATE OF PARTICIPATION

THIS TO CERTIFY THAT

Иманова Дайраш Нуржигитовна

биология ғылымдарының кандидаты, доцент м.а., Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Стоматология факультеті, «Зертханалық пәндер» кафедрасы, Түркістан қ, Қазақстан

HAS PARTICIPATED WITH THE PAPER ENTITLED

ЖЕКЕ ТҰЛҒАҒА БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ БЕРУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

at the 2nd International Scientific Conference «Theoretical Hypotheses and Empirical results»
(February 02-03, 2023), Oslo, Norway

Chief Editor Marie Olafsen

5 February 2023

publisher.agency
Norway

February, 2023

No 2



Oslo, Norway

02-03.10.2023

International
Scientific
Conference

Theoretical Hypotheses and Empirical Results

ӘОЖ 378.147.34

ЖЕКЕ ТҰЛҒАҒА БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ БЕРУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Танирбергенова Самал Балтабаевна

магист-оқытушы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Медицина факультеті, «Жалпы хирургия» кафедрасы, Түркістан қ, Қазақстан

Иманова Дайраш Нуржигитовна

биология ғылымдарының кандидаты, доцент м.а., Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Стоматология факультеті, «Зертханалық пәндер» кафедрасы, Түркістан қ, Қазақстан

Аңдатпа. Адамның жеке дамуы оның жеке ерекшеліктеріне байланысты. Оған адамның жеке қызметінің сипаты, ойлау ерекшеліктері, қызығушылықтар мен сұраныстар шеңбері, сондай-ақ оның қоғамдағы мінез-құлықтары жатады. Сондықтан оқыту мен тәрбиелеу процесінде жеке ерекшеліктерді ескеру қажет. Сонымен қатар, әрбір жас дамуында белгілі бір ерекшеліктермен сипатталады. Бала жасы мен жеке ерекшеліктерін есепке алу жаңа тұлғаға бағдарланған білім беру парадигмасын оқыту аясында белсенді қолдануға негіз болды.

Мақалада жеке тұлғаға бағытталған оқыту тәсілі және оның тұлғаның өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі танытуына әсері қарастырылады.

Түйін сөздер: жеке тұлғаға бағытталған әдіс, білім беру парадигмасы, шығармашылық, зерттеушілік, гуманистік педагогика, психологиялық-акмеология, тұлғаның өзін-өзі дамыту және өзін-өзі дамыту.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал, ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз», – деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет.

Бұл тұжырымдар қазір де аса өзекті. Тіпті бұрынғыдан да зор маңызға ие болып отыр. Себебі, ХХІ ғасырдағы ғылымның мақсаты биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу екенін көріп отырмыз.

Ал, біздің міндетіміз – осы ілгері көшке ілесіп қана қоймай, алдыңғы қатардан орын алу», – деген болатын.

Бүгінгі таңда оқытудың әдіс-тәсілдерін тиімді таңдап алу оқытуда табысқа жетуге негіз болады, әрі сабақтың тиімділігі мен сапасын барынша арттыруға мүмкіндік береді.

Білім беру жүйесіндегі жаңа инновациялық технологиялар-бұл оқыту процесінің тиімділігін арттыруға әсерін тигізетін, оқыту пәнінің мазмұнын терең ұғынуға ықпал ететін құралдар мен әдістердің жиынтығы. Оқу процесіне жаңа инновациялық технологияны енгізу бұл оқу процесінің пәрменділігін арттыруға, сабақ қарқынын жеделдетуге, оқу барысының барлық кезеңдерінде әрбір үйренушінің оқу-танымдық әрекетіне үздіксіз бақылау жасауға септігін тигізеді.

Қарыштап дамып келе жатқан дәуірде білім беру парадигмасыда өзгеруде. Білім беру бұрын пәнге бағытталған түрде жүргізілсе, енді жеке тұлғаға бағытталған түрде жүргізілуді талап етуде. Бұл-қоғамдағы өзгерістерге байланысты туындаған объективті үрдіс. Білім беру дегеніміз –әр түрлі педагогикалық тәсілдер жиынтығын сапалы пайдаланып, тұрақты шығармашылық ізденісте болу.

Кез келген мамандық бойынша білім берудің мақсаты –білімгерге шығармашылық, зерттеушілік қасиеттерін қалыптастыру болып табылатыны анық.

Жас ұрпақтың жеке тұлғасын, оның рухани әлемін, қабілеті мен ынтасын дамыту бүгінгі педагогтардың негізгі мәселелерінің бірі. Студенттің өзіне сенімін арттыру, шығармашылығын дамыту мақсатында оқытушының әр сабағы әр түрлі, жан – жақты болуы керек. Сонымен қатар әр баланың өз ерекшелігіне қарай тапсырмалар ұйымдастыру керек. Бұл ізденісті шыңдай түсетіні анық.

Жеке тұлғаға бағытталған технология-бұл тәрбие жүйесі, онда бала жоғары құндылық болып табылады және тәрбие үдерісінің негізі болады. Тұлғалық-бағдарлы тәрбие гуманистік педагогиканың белгілі принциптеріне негізделеді: тұлғаның өзін-өзі бағалауы, өзгелердің құрметі, тәрбиенің табиғатпен үйлесімділігі, балаға деген мейірімділіктің байқалуы. Нақтылап айтқанда, жеке тұлғаға бағытталған тәрбие-бұл баланың тұлғасына терең құрмет көрсету, оның жеке даму ерекшеліктерін есепке алу, оған саналы, толық құқылы қатысушы ретінде қарым-қатынас негізінде тәрбие процесін ұйымдастыру. Жеке тұлғаға бағытталған білім оқу, оқыту, дамытудың өзара байланысын жүйелі түрде құру болып табылатыны анық. Бұл әдістің дәстүрлі оқу–тәрбие үрдісінен айтарлықтай ерекшелігі тұтас әрі нақты білім беру жүйесі.

Бүгінгі таңда елімізде дені сау, рухы таза, ойлары биік жастар өсіп келе жатыр. Олар алдарына үлкен мақсаттар қойып, соған жетуге тырысатындай тұлғаларды тәрбиелеу ата-анамен қатар педагогтардың міндеті екені анық. Қорыта айтқанда, балаларды жастайынан нағыз адам болуға, алдарына керекті мақсат қойып, оған жету жолында кездесетін қиындықтарды жеңе білетін тұлға ретінде дайындау керек. Аталған мақсаттарға жету үшін жеке тұлғаға бағытталған оқыту түрін пайдаланудың тигізер әсері зор деп санаймын. Бүгінгі таңда оқу-тәрбие үдерісінде жеке тұлғаға бағытталған технологияларды қолдану неғұрлым орынды болып саналады. Бұл " жаһандану үдерістерінің өсуі және олармен байланысты жаңа ғылыми-ақпараттық технологияларға көшу кезінде адам прогресінің парадигмасының өзі өзгереді, оның мәні мен негізгі өлшемі жеке тұлғаның дамуы болып табылады».

Жеке тұлға ретінде қалыптасып, өзі кез-келген жағдайда нақты шешім қабылдай алатын білімгер болашақта кемелденген маман бола алатыны нақты заңдылық.

Жеке тұлғаға бағытталған оқыту негізінде біз оқушының жеке тұлғасына деген ізгілікті көзқарасымызды атап өткеніміз дұрыс. Олар төмендегіше сипатталады:

- әлеуетті мүмкіндіктерді ескере отырып, оқушының жеке қасиеттерін, оның қабілеттілігі мен дарындылығының тұтас жиынтығын неғұрлым толық ашу және қалыптастыру;
- жағымды моральдық-этикалық қасиеттерді дамыту;
- оқушыға адамгершілік және демократиялық көзқарас, оның тұлғасына құрмет;
- оқушының психикалық және физикалық даму ерекшеліктерін, мінез-құлық қажеттілігі мен уәждерін түсіну;
- жеке тұлғаның қалыптасуына көмек;
- білім алушылардың қалауы мен мүдделерін ескере отырып қарым-қатынас жасау.

Бұдан шығатын қортынды жеке тұлғаға бағытталған оқыту нәтижесінде өз ойын еркін білдіре алатын, толыққанды оң шешімдер қабылдай алатын және айналасына өзін тұлға ретінде және білікті маман ретінде дәлелдейтін дарынды жастар қалыптаспақ.

Бұл "оқу үрдісінде оқушы тұлғасын үйлесімді қалыптастыру және жан-жақты дамыту, оның шығармашылық күштерін толық ашу, өзіндік "Мен", қайталанбас даралығын алу, оқушылардың белгілі бір білім, білік және дағды жиынтығын меңгерместен, тіршілік ету субъектісінің қалыптасуы жеке тұлғаға бағытталған тәсілдің басты мақсаты болып табылады. Педагогтың басты міндеті оқушының өзін табуға, адамның тұлғасын қолдауға және дамытуға, онда шығармашылық тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін бейімделу, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі жетілдіру тетіктерін қалыптастыруға көмектесу болып табылады".

Жоғарғы оқу орнында жеке тұлғаға бағытталған оқыту дегеніміз-студенттің барлық мүмкіндіктері мен қабілеттерін ескере отырып, оның жеке ерекшеліктерін дамытуға қажетті жағдайлар жасау деген сөз. Бұл жағдайда студент өзін қолайлы және сенімді сезінеді. Білімділіктің, адамгершіліктің, кәсіби шеберліктің және іс-әрекетке икемділіктің жаңаша түсінігі алдыңғы шепке студенттердің әрекеттері мен қатарымен араласуындағы өз орнын анықтау, өзін-өзі жетілдіру, адамның табиғи мүмкіндіктерін ашу, ойлау қабілетін жетілдіру, сөйлеу, әрекет ету сияқты қасиеттерін ашып, осылардың нәтижесінде-өмірдегі өз орнын нақты табуға және өз мамандығының шебері болуға көмектеседі. Тұлғаға бағыттап оқытуда студент жеке тұлға ретінде өз мүмкіндіктерін ашып, айналасына өзінің маңыздылығын таныта алуы болып табылады.

Қазіргі жағдайда еңбек нарығы сауатты, басқарушылық шешімдерді дербес қабылдай алатын, ойлы және жоғары білікті мамандарға деген жоғары сұраныспен сипатталады. Бұл сұранысты кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін дамытуға ықпал ететін, әлеуетті қызметкердің белгілі бір тобының болуына мүдделі жұмыс берушілер тікелей қалыптастырады. Осыған байланысты жоғары оқу орындарының студенттерін оқыту процесін ұйымдастыруға жаңа талаптар қойылады. Жоғары оқу орындарында білім алу дәстүрлі түрде болатын, яғни студенттерге жеке көзқарастың жоқтығы, мызғымас постулаттар мен стереотиптерге негізделген. Мұндай жағдайда студент дәрістің пассивті тыңдаушысы ретінде әрекет етеді, семинар сабақтарындағы бастаманы сирек көрсетеді, пікірталасқа іс жүзінде қатыспайды. Бұрыннан келе жатқан білім беру студенттер үшін де, оқытушылар үшін де қызықсыз, олар бір-бірімен сабақ өткізу барысында аз байланысады. Осының барлығы бірінші кезекте, студенттердің ақпаратты өз бетінше табу және талдау, сауатты өзін-өзі бағалау және жаңа білім алу қабілетін дамытуға бағытталуы тиіс білім берудің қазіргі тетіктеріне өзгерту қажеттілігі туындады. Біздің ойымызша, қазіргі білім беру үрдісінің негізінде әрбір студенттің жеке тұлғасын дамытуға бағытталған тәсіл жатуға тиіс. Мұндай жағдайда оқытушы мен білім алушы тандемде жұмыс істейтін болады. Осылайша, тұлғалық-бағдарлы тәсілге негізделген білім беру нәтижесі студенттердің болашақ кәсіби қызметінде әрі қарай тиімді шешім қабылдауды қамтамасыз ететін жеке басының сапасы болып табылады.

Психологиялық-акмеологиялық тұрғыда студенттің жеке тұлғалық-кәсіби дамуы-бұл оның оңтайлы өзін-өзі дамуының сандық және сапалық өзгерістерінің үдерісі. Ол ақыл-ой және дене мүмкіндіктерін жетілдірумен, студент таңдаған кәсіппен анықталатын әр түрлі қызмет түрлерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қабілеттерді қалыптастырумен байланысты. Зерттеушілердің тұжырымы бойынша жоғары оқу орнындағы маманның тұлғалық-кәсіби дамуы бір жағынан жоғары білім беру жүйесінде оның мақсатты қалыптасу үрдістерін, екінші жағынан - болашақ кәсіпқойдың тұлғалық-кәсіби қасиеттерін ашу және болашақ маманның қарым-қатынас тәсілдерін толық игеруінде.

Егеменді елімізде қазіргі кезде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Аталған жағдай оқу-тәрбие үрдістеріндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде оқытушылардың инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін

меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Мақаланы қортындылай келе жеке тұлғаға бағытталған оқытудың қазіргі таңда сапалы тәрбие мен білім беру негізі дей отырып, жоғарғы оқу орындарында да осы әдісті пайдалану арқылы егеменді еліміздің мықты, білікті, шығармашыл мамандарын дайындау күн талабы.